

Балқаш тұсті метал өндіеу техникумы

Колчугин заводымен бірге Колчугин тұсті метал өндіеу техникумы да Балқаш қаласына көшіріліп, атауы Балқаш тұсті метал өндіеу техникумы болып өзгерілді. Техникум директоры Л.П.Орлеанская, оку бөлімінің менгерушісі А.Ф.Васильев және бірнеше оқытушылар мен техникумның күндізгі бөлімінің 3-4 курс студенттері де Балқаш қаласына техникуммен бірге қоныс аударды. Техникум жаңа мекенінде алғашқы студенттер тобын 1941 - жылдың 30 - желтоқсанынан бастап: «Кен шығатын кен орындарын пайдалану», «Тұсті металдарды байыту», «Тұсті металдар мен қорытпаларды құю және өндіру», «Тұсті металдар мен қорытпаларды қысыммен өндіеу» мамандықтары бойынша қабылдаса, ал 1942-жылдың 5-12 ақпаны арасында «Тұсті металдар металлургиясы», «Тұсті металлургия байыту фабрикалары мен металлургиялық зауыттардың механикалық жабдықтары», «Тау-кен электромеханикасы» мамандықтары бойынша 1-2 курстарға өндірістен қол үзбей және күндізгі оку бөлімдеріне қосымша қабылдаулар жасайды.



1941 ж. Балқаш қаласына көшірілген Кольчугин кен.металлургиялық техникумының бірінші түлектері 1945 ж.



Балқаш түсті метал өндөу техникумы

жалғасы

Осылайша, соғыс жылдарында амалсыздан Балқаш қаласына қоныс аударуға мәжбүр болып, орта білімді өндіріс мамандарын дайындастын балқаштық алғашқы оқу орнына айналған Кольчугин түсті метал өндөу техникумы 1944 – жылдың, 12-маусымынан бастап «Балқаш кен-металлургия техникумы », деп атала бастады.



*Эвакуацияланған техникумның Балқаштағы
алғашқы тұлектері*

